


**Қарағанды облысының білім беруді дамытудың  
оқу-әдістемелік орталығы**

**БЕКІТЕМІН**

Қарағанды облысы  
білім беруді дамытудың  
оқу-әдістемелік орталығының  
директорының м.а.

 Б.Абдикерова  
« 04 » 11 2020 жыл



**«Жас журналист»  
бейіндік жобасы**

Қарағанды, 2020

## **Жобаның өзектілігі**

Қазіргі таңда Қазақстанда білім беруде болып жатқан инновациялық үдерістердің мақсаты – қазіргі қоғамның кәсіби-еңбек құрылымында лайықты орын алуға мүмкіндік беретін, креативті қабілеті бар үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында объективті түсіндіру, заманауи қоғамның проблемалары мен жаңа тиімді әдістерін іздестіру, әлемдегі мемлекеттік саясаттың мәселесі, қоғамда белең алып жатқан өзекті мәселесі туралы халықты құлағдар ету, бірыңғай жастар ақпараттық кеңістігін құру, мектепшілік баспасөз қызметін дамыту, мектептің баспасөз орталығын құру, жас журналистер арасындағы кәсіби және шығармашылық байланыстарды нығайту, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесуі, жас журналистер мен мамандар арасында тәжірибе алмасу - **жобаның өзектілігі**.

Әлеуметтік желілерде әлеуметтік-саяси белсенділіктің өсуі байқалады, бұл өз кезегінде виртуалды кеңістікте талқылау арқылы қоғамдық-маңызды шешімдерді қабылдауға әкеледі. Еліміздің қоғамдық және саяси өмірінде блогерлер мен журналистердің рөлінің өсуі, олардың тез өзін-өзі ұйымдастыру қабілеті, қажет болған жағдайда осы бірлестіктің табиғатын түсіну саласындағы маңызды әлеуметтік мәселелерді талқылау және шешу, оның даму тенденциялары ұсынылып отырған жоба тақырыбының теориялық және практикалық өзектілігін анықтайды.

Бүгінгі журналист жан-жақты болуы тиіс. Ол мақала жазып, суретке де, бейнежазбаға да түсіріп, әлеуметтік желідегі парақшасы мен каналын да жүргізіп те үлгеруі керек. Бұл – уақыт талабы. Осы орайда, "Жас журналист" бейіндік жобасы оқу қызметін оңтайландыруға, орта және жоғары мектеп жасындағы балалардың шығармашылық әлеуетін сақтауға және дамытуға арналған, оқу мотивациясын дамытуға және қолдауға, оларда аналитикалық қызмет дағдыларын қалыптастыруға және алған білімдерін сабақтарда және әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдануға бағытталған.

## **Жобаның мақсаты:**

Мектеп оқушылары арасында болашағын журналистикамен байланыстырғысы келетін дарынды жастарды саралау, журналистика мамандығын таңдайтын оқушылардың аналитикалық және практикалық дағдыларын дамыту, шығармашылықты дамытудың заманауи жолдарын ұсыну, медиасауаттылықтарын арттыру.

**Жоба қатысушылары:** аудандық, қалалық білім беру ұйымдары.

## **Жобаны жүзеге асыру мерзімдері:**

2020 жылдың қарашасы - 2023 жылдың мамыры.

## **Түсінік хат**

"Жас журналист" жобасы бейіндік оқыту тұжырымдамасына негізделеді. Қоғамдағы техника мен ғылым саласының әлемдік аренада дамуы бұл жобаны іске асырудағы маңызды факторы болып табылады. Біріккен Ұлттар Ұйымының жетекші мүшесі ЮНЕСКО тегін ақпарат пен білімге қол жеткізу, журналистік білім сапасын жақсарту мақсатында жаңа идеялар мен бастамалар ұсынып отыр. Қазіргі қоғам өмірі коммуникацияның /радио, теледидар, интернет, кітаптар, т. б./ қарқынды дамуымен байланысты. Оқушылар осы жоба аясында оқу бағдарламасынан тыс стилистика туралы білімдерін кеңейтіп, әсіресе, публицистикалық стиль жайлы жаңа ақпараттар алады. Жоба жас журналистерге, редакторларға, репортерлер мен тілшілерге болашақ мамандығы туралы білімдерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Өмір бір орында тұрмайды. Соңғы жылдары елімізде қоғамның барлық салаларында ауқымды өзгерістер жүріп жатыр, бұл өзгерістерге әлеуметтік-саяси орта жылдам әрекет етуде. Отандық масс-медианың қарқынды даму фондында республиканың ақпарат өрісінде болып жатқан жаңа үдерістер - БАҚ-ты одан әрі жетілдіруді талап ететіні шындық. Бірінші кезекте, БАҚ - әлеуметтік үдерістердің реттеушісі бола алу қабілетіне байланысты өркениетті мемлекеттің болашағы болып табылатын прогрестің қозғалтқышы. Оқушылар қоғамда болып жатқан барлық үдерістерге белсенді қатысып, қоғамдағы мәселелерді анықтап, оларға мемлекеттің назарын аудару арқылы пайда болу себептерінің алдын алдыру керек. Нәтижесінде, оқушылардың қатысуымен өзекті мәселелерге мемлекет пен БАҚ нақты іс-әрекет арқылы жауап беріп, қоғамның даму үдерісін жеделдетеді.

**2020-2023 жылдарға арналған «Жас журналист» бейіндік жобасын  
іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары**

<b>№</b>	<b>Іс-шаралар</b>	<b>Мерзімдері</b>	<b>Жауаптылар</b>	<b>Есеп беру нысаны</b>
<b>1</b>	"Жас журналист" бейіндік жобасы бекіту семинары «Жас журналист» жобасын жүзеге асыруда педагогтерге әдістемелік көмек көрсетуді ұйымдастыру. Жоба бойынша әдістемелік әдебиеттерді зерттеу және талдау. Эксперименттік қызмет орталығын жабдықтау үшін негізгі жабдықтар мен материалдарды таңдау.	2020 жыл, қараша	ҚО ББД ОӘО Әдіскер Жаркеева Г.Б, білім беру мекемелерінің әдіскерлері	Жобаны әзірлеу, талқылау және бекіту
<b>2</b>	«Бұқаралық ақпарат құралдарын тарату, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, онымен байланысты қоғамдық қатынастар» (Жас журналистермен "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы сауаттылық сабақтары, дөңгелек үстел, семинар-кеңес, т.б ұйымдастыру)	2020 жыл, желтоқсан	ҚО ББД ОӘО Әдіскер Жаркеева Г.Б, білім беру мекемелерінің әдіскерлері	Журналистермен кездесулер, ұсыныстар
<b>3</b>	«Сөз бостандығы, бұқаралық ақпаратты алу және тарату» Қарағанды облысының БАҚ журналистерінің қатысуымен семинар-кеңес	2021 жыл, қаңтар	ҚО ББД ОӘО Білім бөлімдерінің әдіскерлері, жобаға қатысушылары	Кездесулер, ұсыныстар
<b>4</b>	Білім беру мекемелерінде радио хабарларын ұйымдастыру жолдары, радио хабарларын таратуды ұйымдастыру	Үнемі	ҚО ББД ОӘО Білім бөлімдерінің әдіскерлері, жобаға қатысушылары	Жоспар құру, есеп беру
<b>5</b>	Журналистік бағыттағы элективті және факультативті курстарды іске асыру («Жас қаламгер», «Қылқалам» «Жас тілші» т.б. авторлық бағдарламаларды шығару)	тамыз 2021 жыл, тамыз 2022 жыл, тамыз 2023 жыл,	ҚО ББД ОӘО Білім бөлімдерінің әдіскерлері, жобаға қатысушылары	Әдістемелік- өнімдер шығару (қолданбалы курстар, үйірме жұмыстарының бағдарламасы
<b>6</b>	"Журналистің кәсіби этика мәселелері және бұқаралық ақпарат құралдары» конференция, тәжірибелік семинар (тәжірибе алмасу) т.б. • Мектеп оқушыларының	Жоспар бойынша (желтоқсан 2021 ж., желтоқсан	ҚО ББД ОӘО Білім бөлімдерінің әдіскерлері, жобаға	Есеп, фото есеп, (сұхбат алады, , мақала, очерк жазады, интервью алады,

	шығармашылық, интеллектуалдық және сөйлеу қабілетін дамыту үшін инновациялық әдістерді тәжірибеде қолдану; • Журналистік кәсіп бойынша оқушылармен жұмыс жүргізу.	2022 ж.)	қатысушылары	репортаж жасайды)
7	Жас журналистердің медиа және ақпараттық сауаттылығын арттыру (баспасөзге материалдарды жариялау әдістері мен талаптары) бойынша шеберлік сыныптар, семинар, дөңгелек үстел, коучинг, оқыту сабақтарын ұйымдастыру, өткізу	Үнемі	ҚО ББД ОӘО баспасөз тілшілері, білім бөлімдерінің әдіскерлері, жобаға қатысушылары	БАҚ-та мақала жазу, есеп беру, фото есеп
8	«Жаңа тұрпатты журналистер» (әлеуметтік желі, блогосфера, видеоарналар, веб-радиоарналар, мультимедиялық гаджеттер, подкастар және басқалары жаңа модельдер даярлау)	Үнемі	ҚО ББД ОӘО Білім бөлімдерінің әдіскерлері, жобаға қатысушылары	Есеп беру, фото есеп, көшірмелер
9	Білім беру мекемелері тілшілері арасында "Ең үздік мақала", "Ең үздік очерк-әңгіме», "Ең үздік интервью" байқауларын ұйымдастыру және өткізу	Жоспар бойынша. (наурыз 2022 ж., наурыз 2023 ж.)	ҚО ББД ОӘО Жобаға қатысушы мекемелер	Баспасөз беттерінде, ғаламтор желілерінде жариялау
10	Облыстық «Журналист болғың келе ме?» байқауы	Жоспар бойынша (сәуір 2021 ж., сәуір 2022 ж., сәуір 2023 ж.)	ҚО ББД ОӘО Жобаға қатысушы мекемелер	Баспасөз беттерінде, ғаламтор желілерінде жариялау, марапаттар
11	«Үздік газеттер жинағы», «Жеке, ұжымдық және авторлық жобаларды қорғау» байқаулар, жобалар қорғау т.б.	Жоспар бойынша. (сәуір 2021 ж., сәуір 2022 ж., сәуір 2023 ж.)	ҚО ББД ОӘО әдіскері, жоба бойынша жұмыс істейтін педагогтер, жобаға қатысушылар	Байқау, жобалар қорғау нәтижесін БАҚ-та жариялау
12	Облыстық «Jas qalam» жас журналистер форумы	Мамыр 2023 жыл	ҚО ББД ОӘО әдіскері, жоба бойынша жұмыс істейтін педагогтер, жобаға қатысушылар	Есер беру, фото есеп
13	Жоба жұмысына білім беру ұйымдарының қатысуы бойынша мониторингті әзірлеу және енгізу	Жоспар бойынша. (мамыр 2021	ҚО ББД ОӘО әдіскері, шығармашылық	Жоба нәтижелігінің мониторингі

		ж., мамыр 2022 ж.)	топ	
<b>14</b>	Тамыз отырыстары аясында жобаны жүзеге асыру бойынша жұмыстардың аралық қорытындыларын шығару	2021 ж. тамыз 2023 ж. тамыз	ҚО ББД ОӘО әдіскері	Жоба бойынша өткізілген жұмыстар бойынша ақпарат ұсыну
<b>15</b>	"Жас журналист" жоба жұмысының қорытындысын шығару	2023 жыл, мамыр	ҚО ББД ОӘО әдіскері, білім бөлімдерінің әдіскерлері, жобаға қатысушылар	Жобада атқарылған шараларды есепке ала отырып, қорытынды жасау. Жобаға қатысушыларды марапаттау.

## "Жас журналист" бейіндік жобасының

### ТӨЛҚҰЖАТЫ

№	Көрсеткіштер аталымы	Жоба бойынша ақпарат
1.	<b>Жоба атауы</b>	"Жас журналист" педагогикалық жобасы
2.	<b>Жобаны әзірлеу және іске асыру туралы шешім қабылдау күні, негіздемесі</b>	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы
3.	<b>Жоба авторы</b>	Абдикерова Б.Х., Жаркеева Г.Б.
4.	<b>Жоба идеясы</b>	Кожухметова Г.Ш.
5.	<b>Жобаны әзірлеушілер</b>	Жаркеева Г.Б., Қасым Г., Аубакирова Ш.Ж.
6.	<b>Жобаға қатысушылар</b>	аудандық, қалалық білім беру ұйымдары
7.	<b>Қатысушылардың жасы</b>	5-11-сынып оқушылары
8.	<b>Жоба үйлестірушісі</b>	
9.	<b>Өзектілігі</b>	Бүгінгі журналист жан-жақты болуы тиіс. Ол сұхбат алып, мақала жазып, БАҚ-та жариялап үлгеруі керек. Бұл – уақыт талабы. Осы орайда, "Жас журналист" бейіндік педагогикалық жобасы оқу қызметін оңтайландыруға, орта және жоғары мектеп жасындағы балалардың шығармашылық әлеуетін сақтауға және дамытуға арналған, оқу мотивациясын дамытуға және қолдауға, оларда аналитикалық қызмет дағдыларын қалыптастыруға және алған білімдерін сабақтарда және әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдануға бағытталған.
10.	<b>Жобаның мақсаты</b>	Мектеп оқушылары арасында болашағын журналистикамен байланыстырғысы келетін дарынды жастарды саралау, журналистика мамандығын таңдайтын оқушылардың аналитикалық және практикалық дағдыларын дамыту, шығармашылықты дамытудың заманауи жолдарын ұсыну, медиасауаттылықтарын арттыру.
11.	<b>Жобаның міндеттері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• «Жас журналист» жобасы аясында авторлық бағдарламалар әзірлеу; элективті және факультатив курс бағдарламаларын жасау арқылы мұғалімдердің кәсіби шеберлігін дамыту;</li> <li>• журналист кәсібінің әдебін терең біліп, жан-жақты түсінуге, сөйлеу және жазу мәдениетін тануға ықпал жасау барысында семинар-кеңестер, тәжірибе алмасу, кездесу т.б. жұмыстарын жүзеге асыру;</li> <li>• жергілікті журналистерден сыр-сұхбат, сабақ алу арқылы жаңа тұрпатты журналистердің медиасауаттылықтарын арттыру;</li> <li>• балалардың коммуникативтік дағдылары мен әлеуметтік құзыреттіліктерін дамытуға ынталандыруды дамыту және қолдау көрсету;</li> <li>• Жобаны жүзеге асыру негізінде мониторинг әзірлеу, қорытынды жасау, нәтижесін саралау.</li> </ul>

12.	<b>Жоба жұмысының бағыттары</b>	I. «Медиа және ақпараттылық сауаттылық» II. «Ізденіс пен талпыныс»
13.	<b>Күтілетін нәтиже</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• "Жас журналист" жобасын іске асыру мақсатында әлеуметтік желілерде насихаттау арқылы жеке тұлғаның интеллектуалды әлеуетін дамытуға бағытталған бағдарлама құрылады;</li> <li>• Өз өмірін журналистикамен байланыстыруға ұмтылатын аналитикалық және практикалық дағдылары қалыптасқан, дарынды жастар сараланады;</li> <li>• Шығармашылықты дамытудың заманауи жолдары ұсынылып, ақпараттық және медиасауаттылықты арттыру бойынша жұмыс енгізіледі;</li> <li>• Оқушылардың интеллектуалды, шығармашылық деңгейі мен білімге деген ынтасы артады;</li> <li>• Мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін арттыру үшін әдістемелік өнімдер шығарылады;</li> <li>• «Жас журналист» жобасы аясында семинарлар, шеберлік сыныптары, дөңгелек үстелдер, кездесулер, тренингтер, шолулар, конференциялар өткізіледі;</li> <li>• «Жас журналист» жобасын іске асыру нәтижелерін шығарып, мониторинг жүргізілетін болады;</li> <li>• Материалдар БАҚ мен ғаламторда жарияланады.</li> </ul>
14.	<b>Жүзеге асыру мерзімдері</b>	Басталуы: 2020 жылдың қараша айы Аяқталуы: 2023 жылдың мамыр айы

### **Жоба гипотезасы:**

«Жас журналист» жобасын іске асыру барысында біз бәсекелік орта құрып, болашақ журналистердің, редакторлардың, корреспонденттердің, репортерлер мен блогерлердің, вейнерлердің идеяларын инновациялық жұмыс форматтарын қолдану арқылы жүзеге асыруына мүмкіндік берсек, аналитикалық және практикалық дағдылары дамыған, журналист мамандығын сенімді таңдаған, шығармашылықты дамытудың заманауи тәсілдерін үнемі іздейтін, өз өмірін журналистикамен байланыстырғысы келетін, медиасауатты жас журналисті аламыз.

**Жобалық іс-әрекет нысаны:** БАҚ, танымал арналар, радио арналар, әлеуметтік желілер оқушылардың білім беру және тәрбие көзі болып табылады.

### **Басқару сапасы төмендегідей компоненттерді қамтамасыз етеді:**

- тұлғаның ерте кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыруға білім берудің бағдар механизмдерін күшейту;



- білім беруде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды дамыту және оларды оқушылар мен педагогтердің шығармашылық әлеуетін ашу үшін пайдалану;

- оқу мотивациясын дамыту үшін материалды берудің мультимедиялық тәсілі, жеке тәсіл, сандық кеңістікке белсенді қосу арқылы педагогтің функционалдық қызметін кеңейту.

#### **Жобаның негізгі принциптері:**

- нәтижесі,
- мониторингі,
- ынтымақтастығы,
- қарқындылығы,
- жеделдігі,
- сандық технологияны пайдалануы.

Бағдарламаны іске асыруда педагогтердің кәсіби өсуі үшін ынталандыру факторларын қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады:

- Семинар-практикум, семинар –кеңес, форум арқылы тәжірибе алмасу, медиа және ақпараттық сауаттылықты арттыру;
- Іс-шаралар жүйесі арқылы жұмыс тәжірибесін жинақтау (семинарлар, шеберлік сабақтар, дөңгелек үстел, жобалар қорғау, коучинг, байқаулар т.б);
- Облыстық деңгейде жұмыс тәжірибесін жинақтау, қорытындылау.

#### **Жоба тиімділігінің өлшемдері:**

- жобаны сүйемелдеу бойынша әдістемелік құжаттардың болуы;
- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік дағдыларды арттыру;
- жобаны іске асыру тетіктерін қолдану саласындағы педагогтердің құзыреттілігі;
- жобаны енгізу бойынша әдістемелік қызмет құру;
- жобаға қатысушылардың жұмыс нәтижелері.

#### **Инновациялық жобаның нәтижесі бойынша сипаттамасы:**

Жоба әртүрлі ақпарат құралдарын пайдалана отырып, оқушының ақпараттық, танымдық және практикалық дағдысын жүзеге асырады, мамандығын таңдауға ынталандыруды қамтамасыз етеді. Білім беру мақсатында шығармашылығын жетілдіру арқылы оқушылар мен педагогтердің өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру үшін БАҚ-ты пайдалану мүмкіндігін ұсынады.

#### **Енгізу әдістері:**

Бағдарламаның міндеттеріне сәйкес әдістер кешені пайдаланылады: контент-талдау, кейс-стади, бақылау, сұхбат, сауалнама.

#### **Мониторинг:**

- кәсіби (сөйлеу, оқу, жазу, сандық ресурстарды қолдану дәрежесі);
- психологиялық (танымдық процестер мен мотивацияның даму деңгейі);
- педагогикалық (орта және жоғары мектептің білім беру салалары бойынша дағдылар мен біліктердің даму динамикасы).

**«Жас журналист» жобасын іске асыру моделі**

